

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Осакаров ауданы білім бөлімінің «№8 ЖББМ» КММ.

**Сынып сағаттың  
тақырыбы:**  
*«Оян, ар мен адалдық»*  
**5 сынып**

Өткізген: Қарабай М.К

Сынып: 5


2023 – 2024 о.ж.







## ӘДІЛДІК



« Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ».

«Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме, қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме. Жүрегіңді сүңгі де, түбін көзде, сонан тапқан - шын асыл, тастай көрме»

(А. Құнанбайұлы)



«Әділ сөйлеп, адал жүр»

(Қ.А. Ясаун )



## АДАЛДЫҚ

«Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі - сол».

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»


(А. Құнанбайұлы)

«Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуы керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ»

(Ш. Құдайбердіұлы)







### **Жаңа сабақ: Адалдық пен әділдік.**

**Олар адам бойында кездесетін адамгершілік қасиеттер. Адал, әділ болу кез келген адамның қолында. Адалдық-адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана сезімі мен ар ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моралдық-этикалық жиынтығы.**

**Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы Ұлы Абай «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол» дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Әділ болу деген-өзінің де, өзгенің де сөзін қорғай білу.**

**Әділетті болу деген, ешкімнің сөзіне еліктемей, шындыққа сүйене отырып, ешқандай жағдайларға қарамастан, дұрыс, адал көзқараста болу**








# Құндылықтар:

- Адалдық пен парасаттылық, ар-намыс пен тектілік екенін түсіну;
- Қарапайымдылық, еңбексүйгіштік пен өзгеге көмек көрсетуге дайын болу;
- Еңбекке құрметпен қарау;
- Дәстүрге адалдық, үлкенге де, кішіге де сыйлы болу;
- Достық, өзара көмек көрсету мен бірлікте болу;
- Қиындықтан қорықпай табысқа жету;
- Отанға деген сүйіспеншілік, оның өркендеуіне қызмет ету.



**Қорытынды:** Ар,намыс,абырой – бұл адамның қадір қасиеті.Әрдайым қадір қасиетімізді бағалап,қадірлей білуіміз керек.Өз бойымызға әділдік,адалдық, ар-намыс,ұят ,абырой,жомарттық қасиеттерін сіңіре білген ұл-қыздарымыз иманды да,әдепті деп танылатыны сөзсіз.